

ШҚО ЖАРМА АУДАНЫ
“БАЛЫҚТЫКӨЛ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ” КММ

БАЛЫҚТЫКӨЛ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ, ҚИТАП

Әлемде талай қызық бар

*Абдильдинова Гүлжайнат
Мырзаханқызы*

Дүниетану пәні апталығының бағдарламасы 14/XI - 19/XI

Тақырыбы: "Әлемде талай қызық бар"

-
- 14/XI - Оқушыларды апталық бағдарламасымен таныстыру
 - 15/XI - Күн туралы ғажайып фактілер
 - 16/XI - Адамдар туралы қызықты деректер.
 - 17/XI - Жануарлар туралы қызықты мәліметтер
 - 18/XI - Өсімдіктер туралы қызықты деректер

19/XI "Табиғат білгірлері" сайысы



Күн туралы ғажайып фактілер

Күн – Күн жүйесінің орталығы. Күн - Әлемдегі өзге миллиондаған жұлдыздар сияқты жұлдыз. Бұл – дүмпуден кейін артынан газ бұлттарын қалдырған ескі және үлкен жұлдыздың «туындысы». Күннің ішінде – үлкен қысыммен жиырылған сутегі атомдары гелийге айналатын ядролық отын бар. Бұл ядролық реакция кезінде орасан мол энергия бөлініп шығады.

Күнді өзгеше жұлдыз ететін не?

Оның өзге жұлдыздарға қарағанда бізден не бары 150 миллион км жақын тұрғаны. Күн жалпы алғанда – қатардағы жұлдыз ғана. Ол орташа көлемді және орта жасты. Бірақ Күн болмаса, Жер түнек тартқан, суық және тіршіліксіз әлем болар еді. Күнге ешқашан тура қарамаңдар, өйткені оның өте жарық сәулелері көзіңе нұқсан келтіруі мүмкін.

Күн туралы таңғажайып фактілер

Күн сәулесі бізге дейін 8 минутта 20 секундта жетеді.

Күнге 4,6 миллиард жыл болды деп есептеледі. Жерге де осы шама беріледі.

Күн туралы таңғажайып фактілер

Күннің диаметрі шамамен 1 392 000 км, Жердің диаметрінен жүз еседен де артық шамадан асады.

Күн жүйесінің бүкіл материясының 98,8 %-ы Күнде шоғырланған.

Күн туралы таңғажайып фактілер

Күн Айға қарағанда бізден 400 есе алыс.


Күннің беткі қабатының температурасы $5\,500^{\circ}\text{C}$ ға жуық.

Ядроның температурасы ыстығырақ, 15 миллион $^{\circ}\text{C}$ -қа жуық болады.

Мақсаты: Оқушыларды адам туралы қызықты деректермен таныстыру

Көрнекілігі: суреттер

- Адам ДНК – сы 80000 геннен тұрады.
- Адамдар ұйықтаса да, ояу жүрсе де жүрегі күн сайын 12 000 рет соғады. Ересек адам минутына шамамен 18 рет дем алады, яғни тәулігіне 25000 реттен астам дем алады.
- Адамның 1 жылғы жүрек соғысының саны – 36 800 000 тең.
- Адам өмірге келген кезде оның денесінде 300 сүйек болады екен, ал жасы ұлғайған кезде оның саны 260- ғана қалады екен.
- Адам ағзасында өмір сүретін бактериялардың жалпы саны – 2 килограмды құрайды. Адамдардың тырнағы 1 аптада 1 миллиметрдей өседі екен. Қолға жабысқан микробтың 95 пайызына дейін тырнақ астында жиналады, оның 1 грамында 380 миллионға дейін микроб болады.
- Адамның бойының ұзындығы, таңертен ұйқыдан тұрғанда 2-3 см ұзын болады.
- Адам ағзасында ең күшті бұлшық еті - тіл
- Адамның жан – жануарлардан бір айырмашылығы бар – тік сызықты сыза алатынында екен.
- Адам ағзасы 25 жасқа дейін толық жетіліп бітеді. Тек қана мұрын физикалық өлімге дейін жайлап өсе береді екен.



Адамның 1 жылғы жүрек соғысының саны - 36 800 000 тең



Адам ұйықтаса да, ояу жүрсе де жүрегі күн сайын 12 000 рет соғады.

Ересек адам минутына шамамен 18 рет дем алады, яғни тәулігіне 25 000 реттен астам дем алады.


Адам ағзасында ең күшті бұлшық еті -

тіл





Алтынни бөмбүннү кыныпты, тарагачи үндүзүн түрөткүдү 2-3 см кыны борзуну



Өз ағзанды тексеріп көр

- 1 – есеп

Ересек адамға 1 кг дене массасына бір күнде 2 г белок керек. Өз салмағыңды біле отырып, өзіңе бір тәулікте қанша белок керек екенін анықта.

- 2- есеп

70 жыл жасаған адам ағзасында 200 рет белоктың жанаруы болған, сенде неше рет жаңару болды? Есепте.



Мақсаты: Оқушыларды жануарлар туралы қызықты мәліметтермен таныстыру

Көрнекілігі : суреттер, сөзжұмбақтар

- Қолтырауынның майы жасыл түсті болады
- Кейбір қарлығаштар ұшып жүріп ұйықтады екен.
- Төрт тізесі бар жалғыз аң – піл
- Жүзе алатын бірақ ұша алмайтын жалғыз құс – пингвин
- Зебра – кара жолақтары бар ақ аң.
- Иттің шынтағы бар.
- Колибри жүре алмайды.
- Жолбарыстың жүні ғана емес, терісі де жолақ.
- Жылқының сүйегі адамдікінен 18 – ге артық.
- Құмырсқалар ешқашан ұйықтамайды.
- Жердегі жануарлардың ішінде ең жүрегі үлкен және қан қысымы ең жоғары аң – керік
- Түйеге қарағанда егеуқұйрық шөлге төзімдірек
- Жыландар қоректендей 3 жыл ұйықтай алады
- Дельфин бір көзін ашып ұйықтайды.
- Керіктің тілі - қап – кара.
- Мысықтың жақтары көлденең қозғалмайды
- Бассыз тарақан 9 күнге дейін өмір сүре алады, содан кейін аштан өледі.
- Шегірткенің қаны – ақ түсті.
- Ұша алатын жалғыз сүтқоректі - жарқанат



Піл

төрт тізесі бар жалғыз аң

Жолбарыстың

жүні ғана емес, терісі де жолақ



Пингвин

жүзе алатын, бірақ ұша алмайтын құс





Мысықтың
жақтары көлденең қозғалмайды

Дельфин
бір көзін ашып ұйықтайды



Жылқының
сүйегі адамдікінен 18-ге артық.

Сөзжұмбақ

1. Қайда болсын баратын,
Мінсең – ұшқыр қанатың

2. Өзі үлкен жануар,
Үсиінде үлкен тауы бар.

3. Көзін жұмады,
Көзін ашады.
Сыбысын білдірмей,
Ақырын басады.

4. Адамға серік,
Күзетке берік.

5. Ит сияқты пішіні,
Ұнатпайды кісіні


6. Басына өскен тарбиып,
Жапырақсыз бұтағы.
Алады одан қан құйып,
Емге шипа бұл дағы.

7. Жазда сұрғылт,
Қыста аппақ

8. Орманда жоғары,
Ағашқа қонады
Тұмсығын балға етіп,
Тоқ – тоқ соғады

9. Қиналмай көтеріп,
Өзінен ауырды.
Жорғалар кетеді
Жүкшідей кәдімгі

1									
2									
3									
4									
5									
6									
7									
8									
9									



Мақсаты: Оқушыларды өсімдіктер туралы қызықты мәліметтермен таныстыру


Көрнекілігі :суреттер, сөзжұмбақтар

Кім ұзақ жасайды?

- **Итмұрын, мойыл, қарамық, бүлдірген – 300 жыл**
- **Арша, қарат, шырша – 400 жыл**
- **Жөке – 500 жыл**
- **Емен - 1000 жыл өмір сүреді**

Ғалымдардың айтуына қарағанда , америкалық секвоя мен монгованың өсу шегі – 2500 – 4000 жылға, ұзындығы 100 метр, диаметрі 10 метрге жетеді.

Емен 1000 жыл



Иттирдын, мойыл, карамык, бүлдүргөн 300 жыл



Арша, карат, шырша 400 жыл


Ең үлкен алма



*Бүгінде әлемдегі ең үлкен алма
жемісі
1,849 кг салмақты тартатын
көрінеді.*

*Оны Хиросаки /Жапония/
қаласының фермері Чисато
Ивасаки өз бағында өсіріпті.*

Сөзжұмбақ



1. Бұл не деген көп киім,
Жетпіс қабат көк киім.
Жаңбыр одан өтпейді,
Қабат-қабат тоны бар,
Түймелеуге жетпейді

2. Әрі қызыл, әрі тәтті,
Татқан жанды таңыпқатты

3. Бұтақтарда балбырап,
Тұрады албырап,
Уылжыған уыздай.
Алма емес ол бірақ.

4. Жерде жатып желіндейді,
Күз түскенше желінбейді.
Үндеместен төлдеп жатыр,
Су беріндер шөлдеп жатыр

5. Доп-домалақ бұжыр тас,
Іші толған піскен ас.

6. Қырға кілем жайдым



«Табиғат білгірлері»

- **Мақсаты:** Дүниетану пәнінен алған білімдерін тексеру, анықтау, қосымша білім беру;
- Ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық тапсырмалар арқылы ақыл – ойын дамыту;
- Табиғатты аялай білуге үйрету.
- **Түрі:** сайыс
- **Көрнекіліктер:** суреттер, әріптер.
- **Барысы:**
- Ал қанеки қаралық,
- Мына жақта жаналық.
- Бүгінгі кеш төрінде,
- Білімнің еліне.
- Дүниетану тілінде
- Тапсырманы шешіп, жарысып
- Шабыт тасып, шалқысып
- Көңілді кеш жасайық
- Құрметті балалар, ұстаздар! Бүгін бізде дүниетану пәні апталығының қорытынды кеші «Табиғат білгірлері» атты сайысымызды бастаймыз.
- Сайыс 7 кезеңнен тұрады. Сайыс болған соң міндетті түрде әділ қазылар бағалайды. *(Әділқазылармен таныстыру)*
- Сайысты бастамас бұрын топтарыңды таныстырып өтсеңдер.
- I топ – «Алғырлар» «Білімдіге дүние жарық., білімсіздің күні кәріп»
- II топ – «Тапқырлар» - «Ақыл азбайды, білім тозбайды.»

I кезең «Бәйге»

I топ

- Табиғатқа не жатады?
- Ауаның температурасын өлшейтін құрал.
- Қар жылдың қай мезгілінде жауады?
- Көктемде ең бірінші жарғанат па, әлде бунакденелер шыға ма?
- Ең кішкентай құс.
- «Ақ алтын» (мақта)
- Ұлудың тісі қай жерде орналасқан? (тілінде)
- Екі ботаның аяқтары нешеу? (8)
- Жауын-шашынның түрлерін атаңдар (жаңбыр, бұршақ, қар)
- Конституцияның 7 – бабында «ҚР (мемлекеттік тіл – қазақ тілі)

II топ

- Табиғаттың тірі денелерін ата.
- Айналадағы дүниеде неше түс бар?
- Жеміс – жидек қашан піседі?
- «Қара алтын»
- Ненің құлағы аяғында орналасқан? (шегірткенің)
- Керіктің алдыңғы аяғы ұзын ба, әлде артқы аяғы ұзын ба? (бірдей)
- Балықтар қайда өмір сүреді ?
- Табиғаттағы су неше күйде болады?
- Өсімдіктердің 3 түрі
- Конституцияның 27 бабында «Неке мен отбасы.....(ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады)

II кезең «Не? «Қандай?»»

- Көздерін жұмып дорбаның ішінен жануарды (ойыншығын) алып шығып ол не? Және қандай? Сұрақтарына жауап береді. Алып шыққан жануарлар туралы қызықты деректер айту:
- Піл - төрт тізесі бар жалғыз аң,
- Зебра – кара жолақтары бар ақ аң.
- Иттің шынтағы бар.
- Жолбарыстың жүні ғана емес, терісі де жолақ.
- Жылқының сүйегі адамдікінен 18 – ге артық.
- Жердегі жануарлардың ішінде ең жүрегі үлкен және қан қысымы ең жоғары аң – керік
- Керіктің тілі - қап – кара.
- Мысықтың жақтары көлденең қозғалмайды

III кезең Полиглот

- майы жасыл түсті болады (қолтырауын – крокодил)
- қай құстар ұшып жүріп ұйықтайды екен (қарлығаш – ласточка)
- ешқашан ұйықтамайды (құмырсқа – муравей)
- қоректенбей 3 жыл ұйықтай алады (жылан – змея)
- Қу аң (түлкі – лиса)
- Орман санитары (қасқыр – волк)
- Қысқы ұйқыға жататын ірі жануар (аю – медведь)
- Мойыны ұзын (керік - жираф)
- Аң патшасы (арыстан - лев)
- Қорқақ жануар (қоян - заяц)

IV кезең «Кім жылдам?»

Кестені кім бірінші толтырады сол жеңімпаз

Құстар	Жәндіктер	Балықтар	Бауырмен жорғалауш ы	Сүтқоректіле р

V кезең «Сөз құра»

ДҮНИЕТАНУ осы сөзден басқа сөздер құрастыру

VI кезең «Ұйқасын тап»

- Жағасында бұлақ, жайылып жүр *лақ*
- Бата алмас түлкі, үсті тікен ... *кірпі*
- Алмастан таным, шабады *құлын*
- Аппақ доп тауып, шақырады ақ *тауық*
- Дамыл таппай бір мезет, жортумен жүр сұр *көжсек*
- Құйрығы он қарыс, бұл айбатты *жолбарыс*
- Өзінше ноян, қорқақ кім ... *қоян*
- Айбат шегер алыстан, Аң патшасы *арыстан*

VII кезең «Суреттер сайысы»

Әр түрлі жануарлардың мүшелерінен құрастырып белгісіз, әлемде жоқ жануардың суретін салыңдар.

- Осымен сайысымыз аяқталды. Әділқазылар ұпайларын санағанша қыздарымыздың орындауында ән тыңдаймыз.
- Қорытындылау, марапаттау.



